

"Қазақстан Республикасының сейсмология саласын дамытудың 2024 – 2028 жылдарға арналған кешенді жоспарын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2024 жылғы 2 шілдедегі № 526 қаулысына өзгеріс енгізу туралы

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2024 жылғы 20 қарашадағы № 976 қаулысы

Қазақстан Республикасының Үкіметі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. "Қазақстан Республикасының сейсмология саласын дамытудың 2024 – 2028 жылдарға арналған кешенді жоспарын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2024 жылғы 2 шілдедегі № 526 қаулысына мынадай өзгеріс енгізілсін:

көрсетілген қаулымен бекітілген Қазақстан Республикасының сейсмология саласын дамытудың 2024 – 2028 жылдарға арналған кешенді жоспарында:

реттік нөмірі 21-жол мынадай редакцияда жазылсын:

"

21.	Жойқын жер сілкінісі кезіндегі ықтимал ахуалды міндетті түрде компьютерлік модельдей отырып, Жаһандық және өңірлік ауқымдағы төтенше жағдайларды жою жөніндегі іс-қимыл жоспарының цифрлық нұсқасының жобасын әзірлеу (азаматтық қорғау саласындағы уәкілетті органмен келісіле отырып)	ТЖ алдын алу және жою жөніндегі жұмыстарды жүргізуге арналған іс-қимыл жоспарының цифрлық нұсқасы	2025 жылғы маусым	ТЖМ, ЦДИАӨМ	талап етілмейді	-
-----	---	---	-------------------	-------------	-----------------	---

"

2. Осы қаулы қол қойылған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі.

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК